

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны  
№39 «Достық» балабақшасы  
2021-2022 оқу жылдың**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**Ақтөбе қаласы**

**№1**

**14.09.2021 жыл**

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру
2. Білім беру жүйесін жаңарту аясында МДҰ беру мазмұнын жаңарту
3. «Жемқорлыққа жол жоқ» слайд-презентация
4. 2021-2022 оқу жылының ата-анамен жұмыс жоспарымен таныстыру.
5. Ата-аналар комитетін сайлау.
6. Тренинг. Сауалнама

**Қатысқандар:** Балабақшаның әкімшілігі, мамандары, педагогтар, медбике, ата-аналар.

**Мақсаты:**

Балабақша әкімшілігі мен мамандарының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы алдында №39 «Достық» балабақшасы туралы бейнеролик көрсетілді, сауалнама жүргізілді.

**Тындалды:**

Бірінші сұрағы бойынша меңгеруші А.Ж.Уркимбаева №39 «Достық» балабақшасында «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы мәлімет берді. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша Білім және ғылым Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) (үштік ...) интернет ресурсында және байланыс телефондар 1414, 8800080 арқылы білуге болады. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - Мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-анасының бірі немесе заңды өкілі арасында жасалған келісім шарт негізінде баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру Мемлекеттік қызмет берушінің Жұмыс кестесі мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-дан бастап 18.00-ге дейін порталдың жұмыс кестесі: жөндеу жұмыстарымен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы жұмыс істейді. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі бойынша дайындалады.

Өрі қарай ата-аналар балабақша ата-аналарға арналға Ішкі тәртіп ережелермен таныстырылды (қосымшада). Күнделікті оқу-тәрбие қызметі "балабақшаның оқу жоспары" және балабақша қызметінің жылдық Жоспары негізінде жоспарланады және жүзеге асырылады. Ата-аналар "оқу жоспарымен", балабақшаның жылдық жоспарымен және "балабақшаны дамыту бағдарламасымен" танысуға құқылы. Таңертең қабылдау және кешкі қоштасу кезінде балаға қолайлы микроклимат құру үшін ата-ана мен тәрбиеші баланың қажеттіліктеріне қатысты қажетті ақпаратпен алмасуға уақыт табады. Ата-ана Сіздің өтінішіңіз бойынша балаға әкесі мен анасынан басқа адам келуі керек болса, тәрбиешіге хабарлауға міндетті. Бұл жағдайда ата-аналар сенімхат немесе өтініш жазады. Баланы балабақшаға қабылдау баланың денсаулық жағдайы туралы анықтамаға дейін қабылдау қағидалары негізінде жүргізіледі. Таңертең қабылдау кезінде аурудың айқын белгілері бар балалар топқа қабылданбайды. Бала жұқпалы аурумен ауырған кезде дәрігерлік тексеру қажет. Ата-аналардан баланың ауруы туралы балабақшаға дереу хабарлауды сұраймыз.

Балабақшадағы мәзір дұрыс тамақтану бойынша мемлекеттік талаптарға сәйкес жасалады. Ата-ана ақпараттық стендтегі топтағы мәзірмен танысады.

Екінші сұрағы бойынша әдіскер Г.Б.Ұзақбай 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру туралы слайд-презентациясын ұсынды: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізі басым бағыттары айқындалған. 2021-2022 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды: әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құруды; балаларды қызықты ойын түрінде тәрбиелеу, оқыту және дамытуды; баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы деп тану; мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы); әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтер негізгі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту. Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді.

Үшінші сұрағы бойынша Жемқорлыққа жол жоқ» слайд-презентация өткізілді.

Төртінші сұрақта ата-аналар 2021-2022 оқу жылының ата-анамен жұмыс жоспарымен таныстырылды.

Бесінші сұрақта 2021-2022 оқу жылына Ата-аналар комитеті сайланды:

Балапан тобы-Карасаева А.Е., Айналайын тобы – Мусайымова Г.К., Ақбота тобы – Узбекбаева Г.К., Күншуақ Волкова В.В., Асылтас- Ботнарь А.Я., Бұлақ – Мұхамбетқалиқызы А., Бәйтерек тобы- Нармагамбетова А.Ф., Балдәурен – Жанық А.Р., Қызғалдақ – Боровинская О.М.

Жиналыс соңында психолог Г.Н.Абилова ата-аналармен тренинг өткізді.

Сөйлеушілер: Нармагамбетова А.Ф. (ата-ана): Ата-аналар әрқашан балабақшамен ынтымақтастыққа қуанышты, соның арқасында баланың қолайлы бейімделуіне жағдай жасалады және оның дамуы үшін етіледі. Ата-ана баланы тәрбиелеуге қатысты барлық мәселелерде барлық мамандардан, тәрбиешілерден, әкімшіліктен педагогикалық кеңес алуға болады. Мамандардың қабылдау сағаттары ақпараттық стендтегі кестеде көрсетілген. Баланың жақсы көңіл-күйін және оның толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін ата-ана күн сайын топ тәрбиешісімен байланысып, қажетті ақпаратпен алмасу қажет.

### Шешім:

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту. Аталған мақсатқа қол жеткізуде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру; өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау; балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін педагогтерді даярлау көзделеді.

Жиналыстың төрайымы:

А.Ж.Уркимбаева

Жиналыстың хатшысы:

Г.Н.Абилова